

АҚЫНДАР ПОЭТИКАСЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУДЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ

Жер-су атауының концептуалдануында тағы бір процесс бар. Әрине, топонимнің концептіге айналуында, алдымен, жоғарыда айтқандай, сол өнір тұрғындарының сөйлеу тілінде өз туған жеріне деген айрықша эмоцияларын бейнелейтін сөз тіркестерінің қалыпты жағдайда жарықта шыға беруі бірінші орын алады. Екінші, сол тілдік бірліктерді бекітетін, жай айтыла салған сөз емес екенін танытатын және сол көркемдік ой таңбаларын байытатын белгілі тілдік тұлғалардың жарықта шыққан, жарияланған, халық санасына ресми түрде ұсынылған бірліктері жатады.

Содан кейін енді елді мекеннің көркем шығармалар мәтіні арқылы хронологиялық тезге салынып көрініс табуы жатқанын көрдік. Былайша айтқанда, Манғыстая атауы концепт дәрежесіне жеткенін бажайладық. Бірақ біз МАНҒЫСТАУДЫ тек сол елді мекен тұрғындарының тілдік санаындағы концепт деп алып отырғанымыз жок. Ол бүкіл қазактілді тұлғалардың санаындағы лингвомәдени концепт деп отырмыз. Оны Манғыстая концептісінің тілдік репрезентациясын тек сол жерде туып, сол жерде тұрған, тұратын шығармашылық тұлғалардың көркем мәтіндерінен ғана көрмейтініміз арқылы дәлелдей аламыз.

Әйткені МАНҒЫСТАУДЫҢ қазақ тілділер үшін лингвомәдени концептіге айналуының базында ірі тілдік тұлғалар тұр. Олар Т. Айбергенов, F. Қайырбеков сынды сөз шеберлері. Мысалы, Т. Айбергенов:

*Көрсөн гой шіркін бәрін де көзбен көрсөн гой,
Жатыр-ау менің жазира далам өлшенбей,
Осынша сазбен ынтызар қылған аймақта
Бір әсем дария керек-ақ екен дәл сендей.*

*Бәрін де тастап, осылай қарай агар едім-ау,
Әттепен-ай, дария болып жараплан болсам
жерге мен.
Бұл өзі бізді ынтызар қылған мекен гой.
Ақын бол туып өз бақытымды жасырап болсам
дүниеден,
Тілімді кесіп тастауды керек онда мен!*

Ақын қарапайым ғана көзбен көру, ынтызар қылу, дарияны көрексінү, бәрін тастап осылай қарай келу, бақытын жасырмай деген тіркестерді, көнігі тіркестерді қолданады. Бірақ ол қолданыстар Манғыстая өлкесіне қарата айтылғаннан кейін мәтін сыртында «Манғыстаяға ғашық болу», «Манғыстая – маҳаббатым» деген деген семалар шығады. Манғыстаяға өзге өлкенің тұрғынының, ол жерде тұрмайтын немесе өмірінде бір-ақ рет көрген тілұстармандардың негізсіз ғашық болуы тұрған сияқты болып көрінеді. Белгілі бір елді мекенге жанды бейнедей ғашық болу, нақты себепсіз ғашық болу ол жердің атауын абстрактедіреді.

F. Қайырбековтің тіпті «Манғыстая маңғаздары» деген өлеңдер циклі бар. Жалпы мәтіннің арасынан өзіміздің зерттеуімізге сай кей жолдарды алып қарасақ, ақынның көркемдік өлемінде МАНҒЫСТАУ концептісі былай көрінеді.

*Не гажсан! Мұнда келіп кеттім осін.
Көңіліммен асқақтаған көк тілдесін.
Не сиқыр! Өз-өзінен аруақтаны,
Өң түгіл түсімде де алға аттанаңы.
Ұрандан оянамын, босатпайды.
Жанымды қаптап коршап алған шабыт.
Бар ма еді мұндай қызу менде.

Күн сүйген күрен қасқа күмбезінмен,
Аққоңıl ақынжанды мінезінмен.

О, менің ұлан-байтак ұранды өлкем.
Ендігі міне жатқаны
Құндіздің өзін жарық қып
Даланы оттеп жапқаны
Жақсылық деген жарықтық.

Білем мен наизагайдай мінезінді.
Лактырган отқа талай бір өзінді.
Манғыстau — махаббатың, мактандың да.

Қасиетті салтанатты бір әлем.
Мұнда Адайдың алыптары көк тіреп,
Аспан жерді жалғастырган дұғамен.
Құлпытастар — ата-баба тік тұрган.
Мәңті өлместі, әм келместі үктырган.
Мұндай сұлу мұңды қала көрмедім,
Ашық күнде айдарына бұлт тұнған.

Сорғалап төмен құзға бара жатып,
Қалыпты ие Бекет деп бір тіл қатып.
Дік етіп аман-есен жерге түскен
Түсінен оянгандай ойға батып.
Адайлар іэ Бекет деп сыйынганды,
Кеңейіп сала берген есіл жалған.

Кеш мені кеменгерім, қарт туысым.
Манғыстau саған менің көп қарызым.
(Қайырбеков F. Маңғыстau маңғаздары. Алматы:
Жазушы, 1983).*

Алдымен ақын *аруақ*, *аруақтану*, *сиқыр*, *гажсан*, *асқақтану*, *тұс* деген сөздердің динамикасымен ТЫЛСЫМ КҮШ деген ұғымды астарлайды. *Көңіл арқылы* кокпен тілдесу, өз-өзінен аруақтану, түсінде де алға аттанаң жасату, ұрандау, бір нәрсенің болса тауы, шабыттың қаптауы, болмаган қызуудың пайда болуы — «АРУАҚТЫ ЖЕР», «ТЕГІН ЕМЕС ҚОНЫС» деген түсінікті беретін танбалар. Осы кезде жоғарыдағы Т. Айбергеновтің «Көрсөң ғой шіркін бәрін де көзben көрсөң ғой, ғұл өзі бізді ынтызар қылған мекен ғой» деген жолдарының себебін тапқандай боласын.

F. Қайырбеков *аққоңıl*, *акынжанды мінез* бен *наизагайдай мінезді* қатар қойып, контраст жасау арқылы маңғыстаулықтардың мінез табиғаты да осы өлкеге ғашық қылдырмай қоймайды дегенді айтады. Біріншіден, аққоңілділік; екіншіден, ақынжандылық; үшіншіден, өткірлік — үшеуі бір тұлғаның бойынан катарынан табыла бермейтін мінез табиғаты. Ақын жерді мекендерген елдің

болмысын тану арқылы жерге деген құштарлығы, ынтызарлығы оянғанын жасырмайды. Қасиетті, салтанантты әлемді тіреп тұрған *адайдың алыптары* дейді ақын. Ал аспан жерді жалғастырган дұға, құлпытас — *ата-баба, мәңгі өлмеу* деген жолдардан «АДАЙ», «МӘҢГІЛІК» деген түсініктерді түйсінеміз.

Ол *адайлар іэ Бекет деп сыйынганды, кеңейіп сала берген есіл жалған* деген сценариимен бекітіледі.

Сондықтан ақын соңында *кеш мені кеменгерім, қарт туысым* деп кешірім сұрайды, маңдаласына бас иеді, қарызым *көп* дейді, өзіне алған пайдасының көптігін, борыштар екенін айтады. Ғафу Қайырбековтің бұл өлең жолдарынан кейін өзге өлкे тұрғындарының өсіресе интеллектуалды ортанды. Маңғыстau жеріне ерекше қызыгушылығы пайда болғаны рас еді. Жалпы қазактілділер үшін жаңа бір құнды ұғымның пайда болу үстінде екені рас еді.

Маңғыстau туралы жырлаған келесі ақын Мендекеш Сатыбалдиев (1937—1973 жж.) Атырау өнірінің перзенті болғанмен саналы ғұмырын Алматы қаласында өткізген өр пафсты, асқақ дауысты ақын болды.

*Шаңырагы шалқақ,
Керегесі бұтін кең түбек.
Каншама ойлар кештірдің маған
Сен түлеп.
Бабамның сенен қиямет-қайым күнде де
Түсінем неге
кетпегеніне тентіреп.*

*Ақжарма күй ең
Абылша ешкім шертпеген.
Айықпай кеткен
Асан қайғының да дерттері ен,
Мұнара біткен табандап сенде
Өр төсіменен көк тіреп,

Бар ма екен
өлкесен де бетер жырлауық?
Барады бүгін
Дабылың құлақ жарып тым.

Оу маңғаз өлкем,
Таңдайың қатқан аптапта.*

*Ақ түйем қарны жарылды,
Дарига-ай бұ да кешегі құннің толғагы-ау.
Мұнара соғып мәшінр ғып жатыр өлемге.*

*Шалқисың бүгін,
Мұнайлым, мыстым, темірлім.
Ғасырда мынау бақыты жансан өмірлім!
Колымен бүгін жасасын кеткен қияным.
Аптапты өлкем.
Сенде де, мен де
Шексіз-ау бақыт ертең де.*

Қатігез өлкем, қаталдау анам өзінсін, қатігездікті жеңетін ұлды көп туған (Сатыбалдиев М. Қызығыш құс. Астана, 2003).

Ақынның көркемдік өлемінде Маңғыстау шаңырагы шалқақ, керегесі бүтін деген елдің іргесі тыныш, дәулеті өзінде екенін танытатын ұлттық фреймдермен көрінген. Және осы қазакы менталитетті көрсететін фрейм бабалардың тентіреп кетуі деген тағы бір фрейммен қабаттасып қиямет-қайым күн деген сөзben ушығып, түсіністікке қол жеткіздіреді: *Түсінем неге кетпегеніне тентіреп*. Топонимнің концептуалдануына қажетті бір саты ол – сол ұғымды беретін антонимдік тіркестердің контрастануы болса, мұнда *Шаңырагы шалқақ, Керегесі*

бүтін кең түбек – Бабаның қиямет-қайым күнде де тентіреп кетпейi // тентіреп кетуi деген фреймдермен қарсы қолданысқа түседі.

Айықпай кеткен Асан қайғының да дерпттері болу – Маңғыстаудың ғана мандайына жазылған. Жер үйіғын іздейген Асан қайғыны тоқтата алмаған, Асан қайғының дерптің жаза алмаған жер деген мағынада.

Шалқыған, мұнайлы, мысты, темірлі, бақыты жанған өмірлі, апташты, отты, қатігез, қатігездікті жеңетін ұлды көп туган өлке, қолмен жасаңған қиян. Міне, ақын салған жалпы картина – осы. «ЖАСАНҒАН ӨЛКЕ», «ӨМІРЛІ ӨЛКЕ»-ден басқа ұнамсыз эмоция жоқ.